

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СӨЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 68 (9130) | 1953 жылғы 3 апрель Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйым

Халықтың игілігіне, оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасау міндеті біздің партия мен үкмет үшін заң болып табылады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Облыс еңбекшілері партия мен үкметтің бағаны жаңадан кеміту туралы қаулысын зор қуанышпен қарсы алды

★ Партия мен үкмет қамқорлығының жарқын бейнесі

Бүгінгі күні газетіміздің санында ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан кеміту туралы» қаулысы жарияланды. Бұл документ партия мен үкметтің ішкі саясат саласындағы негізгі міндеттерінің бірі — халықтың игілігіне, оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үнемі қамқорлық жасау заңының үздіксіз жүзеге асырылуының жарқын бейнесі болып табылады. Сонымен қабат бұл қаулы социалистік экономикамыздың жеңімпаз ұлы күшін бүкіл әлем алдында тағы да бір рет салтанат етті.

Социализмнің негізгі экономикалық заңының елеулі белгілері мен талаптары бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғарғы техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп жетілдіру жолымен барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету болып саналады. Елімізде, осы заңның қызмет етуі нәтижесінде қоғамның материалдық және мәдени тұрмысы барған сайын қарыштап өсуде.

Соғыстан кейінгі жылдарда, 1952 жылды қоса есептегенде азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағалары бес рет кеміді. Көпшілік тұтынатын товарлар бағасының жалпы дәрежесі екі есе төмендеді. Ал, былай бағаның тағы да жаңадан — алтыншы рет кемітілуі халықтың тікелей пайдасын бұрынғыдан да аттырады. Мұны мына фактілерден айқын көруге болады: халықтың бағаларды кемітуден көрген пайдасы 1951 жылы — 27,5 миллиард, 1952 жылы — 23 миллиард сом болса,

үнемі арттырып отырған кезде, капиталистік елдерде, әсіресе, АҚШ, Англия және басқа империалистік елдерде еңбекшілер бұқарасы жұмыссыздыққа, ашытқа, жалаңаштыққа, қайыршылыққа ұшырауда. Оларда жылдан-жылға көпшілік тұтынатын товарлар кем өндіріліп, бағаның үнемі өсіп отырғаны айқын. Францияда азаматтық тұтыну товарларының бағалары 1951/1952 жылы, 1950/1951 жылғымен салыстырғанда 22 процент, Швейцарияда 16 процент артқан. Америка Бүрама Штаттарында ең қажетті заттардың бағалары 1952 жылғы шольге дейін 25 процент артқан. Англиядағы жағдай да дәл осындай.

Облысымыздың еңбекшілері, бүкіл совет халқы сыяқты үкмет пен партиямыздың азық-түлік және өнеркәсіп товарларына бағаны жаңадан кеміту туралы қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Жұмысшылар мен шаруалар және еңбекші интеллигенттер үкмет пен партиямыздың әкелік қамқорлығына сансыз рахмет айтып, социалистік Отанымыздың күш-қуатын онан әрі нығайта беру үшін жаңадан көтерілген міндеттемелер алуға.

Петропавл қаласындағы шойын құю және таразы заводының стахановшысы Жүзенов жолдас күн сайын жұмыс нормасын 300 процент, осы заводтың Луева жолдас бақарған комсомол-жастар бригадасы өндірістік тапсырманы смена сайын кемінде 150 процент орындау жөнінде социалистік міндеттеме алып, бұл міндеттемелерінің орындалуына жетісуде. Совет ауданы Совет МТС-нің № 7 трактор бригадасының бригадирі Б. Шарішов жолдас газетіміздің бүгінгі санында жарияланып отырған мақаласында бригада

★ Сталиндік қамқорлық

«Бағаны кемітудің Сталиндік саясаты жүзеге асыру нәтижесінде, — деді А. И. Микоян жолдас партияның XIX съезінде сөйлеген сөзінде, — соңғы бесжылдық ішінде ССРО-да көпшілік тұтынатын товарлар бағасының жалпы дәрежесі 56 процент, яғни екі есе төмендеді. Демек, совет адамы мұнан бес жыл бұрын 100 сомға сатып алған товарын, енді 50 сомға сатып алатын болды».

Азық-түлік және өнеркәсіп товарлары бағасының үздіксіз кемітілуі совет адамдарының нақтылы жалқысын өсіріп, олардың тұрмыс жағдайын еселеп арттырды. Мұның өзін Петропавл қиасы еңбекшілерінің өмірінен де айқын көруге болады.

...Қаланың темір жол ауданы көшелерінде соңғы жылдары еңбекшілер үшін жүздеген жаңа тұрғын-үйлер салынды. Мұндағы оңдаған үйлердің жанында тұрған «Москвич» және «Победа» жеңіл автомашиналарын көресіз. Жүздеген адамдарда транспорттар, мотоцикл мен велосипедтер, радиокабылдағыштар бар. Мұның бәрі азық-түлік және өнеркәсіп товарларына бағаның бірінші кемітілуі мен бесінші кемітілуі арасындағы сатып алынған бағалы заттар. Тек өткен жылдың өзінде торап бойындағы магазиндер 500-ден астам велосипедтер, 20 дан астам мотоциклдер, бәптеген фото-аппараттар мен мебельер сатты. Жүзге жуық темір-жолшылар өздеріне жаңа тұрғын-үйлер салды, тағы да көптеген үй салында.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысын еңбекшілер үкмет пен партиямыздың совет адамдарына деген қамқорлығының тағы да бір айқын бейнесі екенін зор қуанышпен қарсы алды.

Паровоз депосының электр қуатымен



Азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын кеміту туралы ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысын Петропавл қаласының еңбекшілері зор өрлеу үстінде қарсы алды.

СУРЕТТЕ: Таразы заводының құю цехының жұмысшылары үкмет пен партия қаулысын радио арқылы тындап отыр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

★ Нақтымалы іспен жауап береміз

Бригада мүшелері түгелінен комсомолдар мен одақта жоқ жастар. Олар еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп, Отанға шексіз берілгендіктерін өздерінің ісімен білдіріп жүр. Тракторшылардың егіс даласында қажырлылықпен еңбек етулері өткен жылы МТС-тің қолхозбен жасасқан жұмыс шартының мінсіз орындалуын қамтамасыз етті. Жұмыстың әрбір саласында тракторлармен атқарылатын жұмыс жоспа-

Бізге көктемгі дала жұмыстарының жоспары жасалып, онда қай күні, қандай жұмыстар жүргізілетіні көрсетілген. Жұмысты қолхоздың егіс бригадасымен бірлесіп жүргізуге көп назар аударылып отыр. Өйткені, трактор бригадалары мен егіс бригадаларының жұмысы тығыз байланыспайынша, қолхоз бойынша табысқа жетуге болмайды.

★ Біздің бақытымыз үшін

Азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын кеміту туралы ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысын барлық совет адамдарымен бірге оқытушылар да орасан зор қуанышпен қарсы алды.

Қала және ауыл еңбекшілерінің әлауқат тұрмысын және мәдениет дәрежесін үнемі жақсарту берудің қамын ойлап отырған партия мен үкметімізге деген халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ. Жұмысшымен, колхозшымен, оқушы жастармен, қысқасы кіммен сөйлессеңіз де әрбір совет адамы социалистік Отанымыздың экономикалық қуатын, оның байлығын, оның бейбітшілік, демократия және социализм үшін күреске басшы, тірек болып отырғандығын мақтаныш ете сөйлейді.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан бұрынғы еңбекші адамның жанын қыйнаған қорқынышты нәрсенің бірі — оның материалдық және рухани қамын ойлайтын адам мен үкметтің жоқтығынан, тұрмыс қайыршылығының салдарынан ертеңгі күні өзін мен үйшімнің халі не болар екен? — деп үмітсіздікке торығушылыққа салынушы еді. Бұл ертеңгі күнге, болашаққа сенбеу ескі капиталистік қоғаммен бірге мәңгі жойылды.

Советтік қоғам құрылысының тамаша бір артықшылығы — ол өкмет билігінің басына еңбекшілер өкілдерін отырғызумен бірге, мемлекет билігіне еңбекшілердің қалың бұқарасын белсендіре қатыстырумен бірге, халқымыздың әлауқат тұрмысын жақсартып, мәдениет дәрежесін орасан зор бірқатар сатыға көтере білумен қатар адамдарымыздың еңбектің күшіне, болашаққа, біздің елімізде өзіміздің халқымыздың күшімен коммунизм орнатуға толық мүмкіншілік бар екендігіне миллиондаған адамдарымыздың көзін жеткізе білді.

46 миллиард сом ал, мемлекеттік және кооперативтік сауда бағаларының кемітуді ықпалымен колхоз базарында бағалар кемітіннен ескергенде, халықтың бағаларды жаңадан — алтыншы рет кемітуден көретін жалпы пайдасы кемінде 53 миллиард сом болғалы отыр. Бағаны кемітудің сталиндік саясатының көзі, тағы бір жүзеге асырылуы, негізгі міндет — барлық совет халқының тұрмыс дәрежесінің еселеп артуын, жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысының көбеюін, пенционерлер мен стипендиаттардың жағдайының анағұрлым жақсаруын көздейді.

Бағаның жаңадан кеміуінен колхозшы шаруалар зор пайда көретін болды. Өйткені олар, колхозшы шаруалар, өнеркәсіп товарларын кемітілген бағалар бойынша сатып алады. Егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің мемлекеттік дайындау бағалары кемітілмей, бұрынғы күйінде сақталады. Колхозшыларын азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан кемітуден көретін пайдалары міне осындай.

Совет халқының материалдық және мәдени тұрмысының жылма-жыл арта беруі өзімізде халық шаруашылығының алып қарқынмен өркендеуінің шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системеден түбірлі артықшылығының нәтижесі екені мәлім. Көзір, совет адамдары өзінің туысқан партиясы мен үкметінің сара басшылығымен коммунистік қоғам орнату күресінде табыстан-табысқа жетіп, өздерінің тұрмыс дәрежесін

өздерінің коммунистік дала жұмыстарын ең қысқа мерзімде, 12 жұмыс күнінде өткізу жөнінде сенім білдіріп отыр. Көзір облысымыздың барлық кәсіпорындары мен колхоз, совхоздарында және басқа жұмыс участоктерінде еңбекшілердің өндірістік өрлеуі еселеп артуда.

Халық қуанышында шек жоқ. Партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары және шаруашылық орындарының басшылары еңбекшілер бұқарасының күн санап өсіп отырған саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, облысымыздың шаруашылық және мәдени құрылыс саласында жаңа табыстарға жете беруін қамтамасыз етуге тиіс. Үкмет пен партиямыздың көпшілік тұтынатын товарлардың бағасын жаңадан кеміту жөніндегі қаулысы социалистік экономиканың барлық саласын мықтап өркендетуді талап етеді. Өнеркәсіп орындары өнімнің өзіндік құнын үнемі кемітіп, оның сапасын үздіксіз арттыра беруге тиіс. Сауда орындары советтік тұтынушыларды үлгілі қамтып, олардың өскелең талаптарына сай жұмыс істеуі қажет. Колхоздар мен совхоздардың бүгін таңдағы басты міндеті — көктемгі дала жұмыстарына мұқият әзірленіп, оны агротехникалық қысқа мерзімде сапалы өткізу, қоғамдық мал шаруашылығын оған сайын өркендетіп, сонымен қабат оның өнімін еселеп арттыра беру болып табылады.

Облысымыздың еңбекшілері үкмет пен партияның әкелік қамқорлығына еңбек өнімділігін еселеп арттырумен, сталиндік бесінші бесжылдықтың міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырумен жауап береді.

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

БУДАЕВО. (Телефон арқылы алынды). ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан кеміту туралы қаулысы аудан еңбекшілерін зор қуанышқа бөледі. Колхоздар мен совхоздарда, мекемелерде көп адам қатысқан жыйындар өтуде. Совет астық совхозының жөндеу мастерскойында болып өткен жыйында тракторшы Марченко жолдас былай деді.

— Коммунистік партия мен Совет Үкметі біз үшін, совет адамдары үшін үздіксіз қамқорлық жасауда. Азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан кеміту совет адамдарының ал-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан да жақсарттады. Партия мен үкметтің әкелік қамқорлығына мен, бүкіл совет адамдары сыяқты, өзімнің қажырлы еңбегіммен жауап беремін. Мен өзім жұмыс істейтін НАТИ тракторын жөндеуден сапалы өткіздім. Бұл трактормен көктемгі егіс кезінде әрбір смена сайын 7 гектардың орнына 10 гектардан егістік жер жыртуға міндеттенемін.

Бұдан кейін сөз сөйлеген товар комсо-

Горин өзінің қуаныш сезімін білдіре келіп мынаны айтты:

Сталин жолдасты жерлесуге арналған митингте Г. М. Маленков жолдастың сөйлеген сөзі бәріміздің есімізде. «Халықтың игілігіне, оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасау міндеті, — деді Маленков жолдас, — біздің партия мен үкмет үшін заң болып табылады». Бұл заңның үздіксіз жүзеге асырылуын үкмет пен партиямыздың көпшілік тұтынатын товарларға бағаның жаңадан — алтыншы рет арзандатылуынан тағы бір айқын көрініп отырмыз.

— Бағаның жаңадан кемітілуі, — деді ұста пехының бригадирі Тамбасов жолдас, — біздің елімізде халық шаруашылығының өркендеп өсуінің нәтижесі. Сталиндік қамқорлық үшін совет адамдары өндірісте екі еселенген қарқынмен еңбек етеді.

Көпшілік тұтынатын товарларға бағаның жаңадан кемітілуі депо коллективінің арасында өндірістік және саяси өрлеу туғызды. Жөндеушілер стахановша еңбек етуде. Кеше механикалық цех түскі үзіліске дейін бір күндік тапсырманы толық орындап шықты.

Б. ИВАНОВ.

Тұрмыс жақсарып, көңілді болып барады

Колхоз мүшелері ССР Одағы Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан кеміту туралы қаулысын асқан зор қуанышпен қарсы алды. Бұл қаулыны олар партиямыз бен үкметіміздің еңбекшілердің мәдени және ал-ауқат дәрежесін оған сайын жақсарту жолына арнаған жаңа зор қамқорлығы деп білуде.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасы осымен алтыншы рет кемітіліп отыр. Азық-түлік пен товарлар бағасының жылма-жыл кемітілуі еңбекшілердің қажетін мінсіз өтеп, олардың ал-ауқат дәрежесін барған сайын жақсарту түсіп келеді. Азық-түлік пен товарлар бағасының осы сыяқты жыл сайын кемітілуі нәтижесінде колхозшы шаруалардың да мәдени және тұрмыс дәрежесі үздіксіз жақсаруда. Товарлар мен азық-түлік бағасының быйыл, алтыншы рет кемітілуі колхозшылардың тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан да гөрі ауқатты, мәдениетті, көңілді ететіндігінде ешқандай күмән жоқ.

Колхозшылар партиямыз бен үкметіміздің өздеріне көрсеткен бұл зор қамқорлығына өндірісте еселенген жігермен еңбек етіп, жаңа табыстарға жетумен жауап беруге ұйғарып отыр. Көзір олар ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық учаске-терінде белсене еңбек етіп, жаңа жеңістерге

ры артығымен орындады. Жалпы бригада бойынша 5060 гектар орнын, 5640 гектар жер жұмысталып, 1417 килограмм жанар және жағар май үнемделді. Мұның өзі «Көктерек» колхозында егіннен тұрақты әрі мол өнім алуды қамтамасыз етті.

Бригада мүшелері ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бағасын жаңадан кеміту жөніндегі қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Бұл қаулы партиямыз бен үкметіміздің Совет халқының ал-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесін жақсартуға беруге үнемі қамқорлық көрсетіп келе жатқандығын тағы бір рет дәлелдейді. Бригада коллективі бұл қаулыға жауап ретінде егін шаруашылығын мәдениетін арттыруда бұрынғыдан да қажырлылықпен еңбек етуге міндеттеніп отыр.

Колхозда егіс жұмыстарының қысқа мерзімде, агротехникалық ережелерге сай өтуі тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне тығыз байланысты. Бұл жағдайды бригада мүшелері жете түсініп, өздеріне бекітіліп берілген тракторлар мен тіркеу саймандарын сапалы жөндеуден өткізді. Көзір бригада егіс жұмыстарына барлық жағынан сақдай-сай дайын болды.

ККП Орталық Комитетінің III-пленумы тракторлардың жұмыс өнімділігін мейлінше арттыруды міндеттеді. Бригада мүшелері әрбір 15 аттың күші бар трактормен 490 гектар орнына, 605 гектардан жер жұмыстамақ. Мұның өзі әрбір тракторшының өз жұмысына жауаптылықпен қарауды, тракторлардың күндіз-түні бірдей тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етеді. Бригадада жыл бойына жұмыс екі сменада ұйымдастырылуы, әрбір трактордың тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

Әрбір совет азаматы өндірісте өнімді әрі сапалы, әрі көп шығарса отанымыздың күш-қуаты, халқымыздың ал-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесі солғурлым арта түсетіндігін бригада мүшелері жақсы біледі. Олардың көктемгі егіс жұмыстарын 12 жұмыс күні ішінде агротехникалық жоғары сапада өткізіп, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын жаңадан кеміту жөніндегі қаулысына нақтылы іспен жауап беретіндігі сөзсіз.

Б. ШӘРІПОВ,

Совет МТС-нің № 7 комсомол-жастар трактор бригадасының бригадирі.

күшейте білді.

Совет оқытушылары барлық совет адамдары сыяқты, біздің партиямыз бен үкметіміз оқытып тәрбиеленген барлық совет интеллигенттері сыяқты, азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын кеміту туралы ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің жаңа қаулысын партиямыз жөніндегі, сүйікті Отанымыз жөніндегі мақтаншын сезіммен қарсы алып, коммунизмнің болашақ құрылысшылары — бақытты совет жастарын Ленин-Сталин партиясына шексіз берілген, қыйындықтарды және білаулетін білімді, мәдениетті, халықтар арасындағы туысқандық достыққа ақырына дейін адал күрескер егін тәрбиелеуге әзір екендігін өзінің күнделікті педагогикалық ісімен көрсете беретін болады.

Р. ДӘУЛЕТКЕЛДИЕВА,

Ленин атындағы қыз балалар орта мектебінің директоры.

Туған Отанымызды мақтан етеміз

Біздің советтік Отанымызда өмір сүру қандай бақыт, қандай тамаша! Совет жастарының оқып, білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Біз жарық, кең бөлмелерде тегін оқыймыз. Оның үстіне мемлекет ай сайын стипендия төлеп отырады. Совет халқының ал-ауқаты күннен күнге жақсарып келеді. А. Жданов жолдас айтқандай, біз бүгін кешегі емеспіз, ертең бүгінгідей болмаймыз, дамып ілгері кеттік. Оған ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын алтыншы рет кемітіп отырғаны дәлел. Бұл үкмет пен партияның совет халқына деген әкелік қамқорлығының айғағы.

Үкмет пен партияның азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын кемітуіне жауап ретінде біз студенттер сабақты «4» пен «5» ке оқыймыз. Маркеттің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің мәңгі жасайтын данышпандық ілімін оқып, қоғамның даму заңдарына жетіле беретін боламыз. Сөйтіп, сүйікті Отанымыздың білімді маманы болып, коммунизмнің әржақты жас құрылысшыларын Ленин мен Сталиннің ісіне шын берілген егін тәрбиелеп шығаруға күш-жігеріміз бен білімімізді аямаймыз.

Совет Одағының Коммунистік партиясы совет елін жеңістен-жеңіске, табыстан-табысқа бастай береді. Бейбітшіліктің, еңбектің, мәдениеттің, дүние жүзіндегі өзгерткіштің Отаны болып отырған — Совет Одағының даңқы арта берсін.

Бақытты жастық шақ үшін туысқан партиямызға рахмет!

Т. БЕКТҰРОВ,

Ушинский атындағы мұғалімдер институтының студенті.

Қ. АҒАЖАНОВ,

Ленин ауданы, «Бұлақ» колхозының председатели.

Қой шаруашылығы—мал шаруашылығының негізгі саласы

Қой шаруашылығын өркендету—басты міндет

Партиямыз бен үкметіміз қоғамдық қой шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруға үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Бесінші бесжылдықта қой шаруашылығы бұрынғыдан да гөрі өркендеп, өнімді көп беретін болады. Осыған байланысты облысымызда да қой шаруашылығы жедел қарқынмен өркендеп, алға басуда. Бұл жөнінде облыс қой өсірушілерінің алдында аса зор міндеттер тұр. Олар қойды ұдайы жақсы күтімде ұстап, қой санын еселеп көбейтуге, оның жүн өнімін дайындауды арттыруға тиіс.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы қолхоздары қой өсіруде алға қойылған күрделі міндеттерді аброймен орындап келеді. Мұндай шаруашылықтарда қой саны жыл сайын көбейіп, оған жүн мол алынауда. Мәселен, өткен жылы Пришим ауданындағы «Новая жизнь» қолхозында 1951 жылғы мөлшерге салыстырғанда қой саны 32,2 процентке көбейтілді. Октябрь ауданындағы Сталин атындағы қолхоздың шопандары да үздік табыстарға жетті. Өткен жылы мұнда қой саны 23,4 процент көбейтілді.

Совет ауданындағы Каганович атындағы қолхоздың аға шопаны Батурин жолдас өткен жылы әрбір жүз саулықтан 138 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді. Соның нәтижесінде фермада қой саны 28 процент арттырылды. Атаған қолхоздардың шопандары мұндай табысқа қойдың күтімін бүкіл жыл бойына үлгілі ұйымдастыру арқылы ие болды. Олар қойды қыс та, жаз да күйлі, шығынсыз өсіре білді.

Қой өсірудің жайы барлық қолхоздарда бірдей осындай деуге болмайды. Облыстың көптеген қолхоздарында қой шаруашылығына басшылық өте қанағаттанғысыз. Оларда қойдың күтімі дұрыс ұйымдастырылмайды. Әсіресе, қысқа қарсы қой шаруашылығы құнарлы жемшөптен қамтамасыз етілмейді. Соның салдарынан қой қыстан төмен күймен шығады, шығынға да ұшырауына жол беріледі. Бірқатар фермаларда төл алу науқаны әзірліксіз өткізіледі. Оларда күтімнің нашарлығынан көп қозы шығын болып келеді.

Өткен жылы осындай себептермен Булаев, Копылов, Совет, Октябрь, Ленин және Соколов аудандарының қолхоздарында қой шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспар орындалмай қалды. Бұларда қой-тарлардың қозы аз алынып, өсірудің бірінші

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы, Копылов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», Булаев ауданындағы «Красное знамя» сыяқты бірқатар озат қолхоздарда қой қыстан шығынсыз, күйлі өсірілуде. Бұл қолхоздар көзін қозы алу науқанын үлгілі өткізіп келеді.

Бірақ, облыстың көптеген қолхозтарында қойдың қысқы күтімі ойдарыдай ұйымдастырылмай отыр. Оларда қой құнарлы жемшөптен қамтамасыз етілмеген. Сондықтан қой дұрыс азықтандырылмай жүр. Оған нормалы шөп берілмейді. Соның салдарынан шөп жерлерде қойдың күйлі төмендеуге айналады. Бүтіннің нашарлығынан қойда шығын да бар.

Қой күтімі, әсіресе, Ленин ауданындағы Калинин атындағы, Октябрь ауданындағы Киров атындағы және Копылов ауданындағы «Красная крепость» қолхоздарында нашар ұйымдастырылған. Қой мезгілімен азықтандырылмайды. Мұнда күтімнің нашарлығын қойдың, әсіресе, жана туған қозылардың шығына ұшырауына жол беріліп келеді. Солай бола тұрса да, қолхоз басшылары қой күтімін жақсартып, оны қыстан аман алып шығудың, әсіресе, қозыларды көп алып, шығынсыз өсірудің тиісті шараларын қолданбай отыр.

Қой өсіру жөнінде облыс еңбекшілері алдында аса күрделі міндеттер тұр. 1955 жылдың алғашқы облыс қолхоздарында қой саны 1953 жылдың бірінші январындағымен салыстырғанда 1,9 есе көбейтілуге тиіс. Мұндай күрделі міндетті ойдағыдай орындау үшін қойды бүкіл жыл бойына жақсы күтімде ұстау қажет. Әсіресе, көзін әрбір қолхозда қойды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу керек.

Көзін қозы алу науқаны жампай басталды. Қолхоз председателдері мен ферма меңгерушілері төлдің көп алынып, оның шығынсыз өсірілуін дұрыс ұйымдастыруға міндетті. Олар жұмыстың бұл участогіне тәжірибелі шопандары бөліп, қойдың және қозылардың күйлі өсірілуіне жеткізуге тиіс. Әрбір фермада көктемгі жайып бағу маусымы басталғашына қойды да, қозыны да құнарлы жемшөптен қамтамасыз ету керек. Ал көктем шыққанда қойды жайып бағуды тиімді ұйымдастыра білу—ферма меңгерушілерінің ең негізгі міндеті.

Қолхоздарда қой шаруашылығын жедел өркендетіп, оның өнімділігін арттыру ісін жергілікті партия, совет ұйымдары мен

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың корей мәселесі жөніндегі мәлімдемесі

28 мартта Корей Халық армиясының Жоғарғы команданысы Ким Ир Сөнің және Қытай халық еріктілерінің команданысы Пын Дэ-хуэйдің Корейдағы БҰҰ қарулы күштерінің бас команданысы генерал Кларкко жазылған, ауру және оқталы соғыс тұтқындарын ауыстыру жайындағы жауап хаты жарияланды.

Бұл хатта екі жақтың ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыруға ризалық білдірілген және Корейда уақытша бітім жасау туралы келіссөздердің барысында бұл мәселе жөнінде іс жүзінде келісімге қол жеткендігі, тек Паньмыньчжондегі келіссөздердің тоқтатылуы ғана осы ауыстыруды бұдан бұрын жүргізуге кедергі болғандығы көрсетілген. Соның өзінде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыруды соғыс қиймындарының кезінде Женева келісімінің 109-статьясының ережелеріне сәйкес жүргізуге ризалық білдірілген. Мұнымен бірге хатта ауру және жаралы соғыс тұтқындарын осындай ауыстырудың соғыс тұтқындары туралы бүкіл проблеманы ешбір кедергісіз реттеуге, сөйтіп, Корейда уақытша бітім жасауға жеткізуге тиіс екендігі атап көрсетілген. Оны мақсатпен Паньмыньчжондегі келіссөздерді тезінен қайта бастау ұсынылған.

Осыдан кейін іле-шала Пекинде Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай және Пхеньянда—Корей Халық-Демократиялық Республикасы Министрлер Кабинетінің Председателі Ким Ир Сен мәлімдеме жасады.

Қытай Халық Республикасының үкметі де, сол сыяқты, Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі де, ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыру туралы ұсынысқа өздерінің қосылатындығын және соғыс тұтқындарының бүкіл проблемасын шұғыл реттеу туралы келісімге келуге, сөйтіп, Корейдағы соғысты тоқтатуға бұрынғысына өзін ебегендігін мәлімдеді.

Сонымен, Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметтері Корейда уақытша бітім жасау және соғысты тоқтату туралы келісімге жету ісінде тағы да инициатива көрсетті.

Қытай Халық Республикасының үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы үкметінің осы іргі қадамына Совет Үкметінің толығымен қосылатындығын және бұл қадамды бүкіл дүние жүзі халықтарының түгел қолдайтындығына күмәнбайтындығын мәлімдеуге маған өкілдік берілі. Совет Үкметі сонымен қатар бұл ұсынысты Америка Құрама Штаттарының үкметі де, оның жүйелі

келіссөздер, соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы мәселені қоспағанда, уақытша бітімнің барлық шарттары бойынша келісімге жеткізілген болатын. Бірақ уақытша бітім туралы келіссөздерді өткен жылғы октябрьде генерал Кларк тоқтатып тастап, мұның өзі уақытша бітім жасауға кедергі болды.

Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыру соғыс тұтқындарына адамгершілікпен қарау туралы 1949 жылғы Женева келісімінің 109-статьясына сәйкес жүргізілген деген генерал Кларктің ұсынысын қытай-корей жағы қабылдады.

Бұл статьяға былай делінген: «Осы статьяның 3-абзацында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жанжалдасып отырған жақтар келесі статьяның бірінші абзацына сәйкес, ауыр ауру және ауыр жаралы соғыс тұтқындарын, олардың әскери атақтары мен сандаларына қарамастан, олар жол жүруге болатындай жағдайға келтірілгеннен кейін, туған елге жөнелтуге міндетті.

Жанжалдасып отырған жақтар соғыс қиймындары кезінде, тиісті бейтарап мемлекеттердің көмегімен осы статьяның екінші абзацында көрсетілген жаралы және ауыр соғыс тұтқындарын бейтарап елдерге госпитальға орналастыруды ұйымдастыруға ұмтылатын болады. Олар мұнымен қатар ұзақ уақыт тұтқында болған дені сау соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару немесе бейтарап елде қалдыра тұру керек екені туралы келісім жасай алады.

Осы статьяның бірінші абзацына сәйкес еліне қайтарылуға тағайындалған жаралы немесе ауру соғыс тұтқынының бірде-бірі соғыс қиймындары кезінде өзінің еркінсіз еліне қайтаруға болмайды».

Женева келісімінің бұл статьясының соғыс қиймындары әлі тоқталмаған, уақытша бітім жасасқанға дейінгі уақытқа қатысы бар. Осы статьяны қолдану туралы көзін өзінде келісімге қол жетіп, екі жақтың оған талау күндерде қол қойылуына мүмкін болып отырғандықтан, ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыруды оған әрі кешіктірмей бастауға ешқандай кедергі қалмайды.

Корей Халық армиясының Жоғарғы команданысы Ким Ир Сен мен Қытай Халық еріктілерінің команданысы Пын Дэ-хуэйдің жоғарыда айтылған хатында ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыру жөнінде генерал Кларктың 22 февральдағы ұсынысына ризалық білтіріп қана қоймай, сонымен бірге Корейдағы соғысты біржолата тоқтату үшін уақытша бітім туралы келіссөздерді қайта бастау ұсынылған.

Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының

барлық мәселені шешуге керек, сөйтіп, екі жақ өзара келісім рухында Корейда уақытша бітімге жетуге шын ниетімен ұмытылатындығын басшылыққа алуға тиіс.

Әрине, соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы мәселе де тұтастымен Женева келісімінің ережелеріне сәйкес шешілуге тиіс, мұны Совет Үкметі де, сондай-ақ Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметтері де орында талап етіп келеді. Алайда Паньмыньчжондегі ұзақ келіссөздердің де, бұл мәселені БҰҰ Бас Ассамблеясында көп рет талқылаудың да дұрыс нәтижелер бермегендігі жұртқа мәлім.

Бұл мәселе уақытша бітім туралы келісімге жетуге кедергі келтіріп, Корейдағы соғысшы жақтар арасындағы бірден-бір алауыздық мәселе болып отырғандықтан, Қытай Халық Республикасының Үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкметі Корейда бейбітшілікке жетуге және соғысты аяқтауға ұмтылатынын басшылыққа ала отырып, осы мәселені біржолата шешуге жана қадам жасады, олар екі жақтың уақытша бітім туралы келіссөздерді қайта бастауын және өз қолдарындағы еліне қайтаруды талап етіп отырған барлық соғыс тұтқындарын соғыс қиймындары тоқтатылғаннан кейін тезінен елдеріне қайтаруға міндеттеме алуы, ал, қалған соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселені әлі шешуді қамтамасыз ету мақсатымен бейтарап мемлекетке беруді ұсынды. Мұндай ұсыныс соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы мәселені әлі шешуге және Корейда уақытша бітімді жүзеге асыруға бөгет болып отырған кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Корейдағы соғысты біржолата тоқтатуға және Қытай Шығыс пен бүкіл дүние жүзі халықтарының бейбітшілігі мен халықаралық тыныштығын нығайтуға көмектесуге шын ниетімен ұмытылған бүкіл дүние жүзінің халықтары және барлық адамдар осы ұсынысты жалпы тілектестікпен қарсы алып, оны толық қолдайтынына ешқандай күмән болмауға тиіс.

Совет Үкметі Қытай Халық Республикасының Үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы Үкметінің осы ұсынысын өте әділетті деп санайды және оны жүзеге асыруға толық көмек көрсетуге әзір екендігін білдіреді.

Егер Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамында Қытай мен Корейдің заңды өкілдері болса, әрине, бұл ұйым Корейда уақытша бітім жасау және соғысты тоқтату жөнінде анағұрлым көп іс істеген болар еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымында қытай халқы мен корей халқының заңды өкілдерінің болмай отырғандығы, біріншіден, осы ұйымның бұрынғы әзірленген алғашқы

Корейдағы оқыйғалар ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 1 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері мен дұшпанның шолғыншы отрядтарының арасында өткен күні шығыс майданның екі участогінде болмашы соқтығыстар болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 7 самолетін атып түсірді.

ФРАНЦУЗ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ҚУДАЛАУ ШАРАЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІ

ПАРИЖ, 1 апрель. (СОТА). Жұмысшы қозғалысының қайраткерлеріне қарсы бағытталған үкметтің қудалау шараларына қарсы наразылық білдіру қозғалысы бүкіл елде жүріп жатыр. Барлық жерлерде еңбекшілердің қысқа мерзімді ереуілдері, митингілері мен жыйналыстары өтуде.

«Юманите» газеті католик кәсіподақтары реакцияшыл басшыларының және оқшыл социалистердің басшылығындағы «Форс увриер» кәсіподағы бірлестігінің ірікті салу саясатына қарамастан, осы кәсіподақтардың жергілікті ұйымдары Ла-Леан, Стиль және басқа бейбітшіліктің белсенді күрескерлерін заңсыз түрде тұтқындауға қарсы батыл наразылық білдіруде. Мәселен, Ла-ошель қаласының металл жұмысшыларының католиктік кәсіподағы хабар жариялап, онда еңбекшілердің правосы үшін күресті күшейту мақсатымен қиймыл бірлігін нығайта берудің қажеттігі атап көрсетілген.

Сол сыяқты, Жиронд департаменті католиктік кәсіподағының бірлестігі, Валанс (Дром департаменті) қаласының муниципалдық кеңесшілері—коммунистер мен социалистер, Рено заводының католик еңбекшілерінің кәсіподағы және басқа көптеген ұйымдар тұтқынға алынған патриоттарды қорғау күресіне қосылуда.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 1 апрель. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі Брюэр Рио-де-Жанейродан, 200 мың адам қатынасып жүрген Сан-Пауло тоқыма өнеркәсібі жұмысшыларының ереуілі барған сайын ұлғаюда және тез арада 400 мың жұмысшыны қамтуы ықтимал деп хабарлайды. Ол Сан-Паулодағы ереуіл Рио-де-Жанейродағы докерлердің ереуілімен қат-қабат келіп отырғандығын атап көрсетеді. Брюэр «Рио-де-Жанейро» және Сан-Паулодағы ереуілдерді тұрмыс қымбатшылығының өте етек алып кеткендігі тудырып отыр деп мойындайды.

қойдың және қозылардың шығынына жол берілді. Аталған аудандарда үстіміздегі жылдың бірінші январы қарсаңында өткен жылдың бірінші январымен салыстырғанда қой саны кеміп кетті. Ал, мұның өзі облыс бойынша қой өсіру жөніндегі жоспардың орындалмауына әкеліп соқты.

Қой шаруашылығын өркендету міндетінің ойдағыдай шешілуі қойдың қыстап шығынсыз, күйлі өсірілуіне байланысты.

ауылшаруашылық орындары күнө-күн нақтылы басшылық жасап, қой өсіру жөніндегі жоспардың мінсіз орындалуына жеткізуге тиіс. Тек осы жағдайда ғана қой шаруашылығын партияның XIX съезінің қарарларында көрсетілген міндеттерге сай өркендетуге болады.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы қой шаруашылығы бөлімінің бастығы.

Барлық қозыны шығынсыз өсіремін

Қоғамдық мал басы төл есебінен өседі. Ал, мал басының, әсіресе, төлдің шығынсыз, күйлі өсірілуі малшыдан.

Мен колхозда қозы күтуші болып істегені бірнеше жыл болды. Шопан болып істеп, колхоздың қоғамдық қой шаруашылығын өркендету ісіне мен өз үлесімді қосып келемін. Колхоз басқармасы менің қой өсірудегі еңбегімді жоғары бағалауға. Қойды жылама-жыл шығынсыз өсіргенім, әсіресе, қозыны көп алғаным үшін бірнеше рет сыйлықтар алдым. Партиямыз бен үкметіміз бізді қол жеткенге масаттануға үйретеді. Менің мақсатым — жұмысты бүгін көшегіден, ертең бүгінгіден де жақсы істеп, жаңа табыстарға жету. Быйыл қозыны өткен жылдардағыдан көп алып, қой санын негізінен төл есебінен өсіремін.

Біздің фермада төл алу науқанына жылма-жыл үлгілі әзірлік жүргізіледі. Төлдейтін қойларға да қозыларға да құнарлы жемшөп мол дайындалады. Жемшөп жер қарада қыстаулар жапына түгел тасылып үйіледі. Сол сияқты, қойлар мен қозылар

жайлы қораларда бағылып күтіледі.

Қозы алу науқанына быйыл тыңғылықты әзірлікпен кірістік. Қазірдің өзінде 310-нан астам қозы алынды. Бұлардың барлығын мен бағып күтемін. Мен жас қозыларға күнө-күн тыңғылықты күтім жасаймын, мезгілімен азықтандырып, суарамын. Қозыларға ең құнарлы жемшөп беріледі. Ал, оларға суды үнемі жылытып беремін. Қозыларды күтіп азықтандыруда зоотехникалық ережелерді қатаң сақтап отырамын. Қозылар тұратын клеткаларды әрқашан таза ұстаймын.

Адал еңбек өзінің игілі нәтижесін береді. Менің бағуымдағы қозылардың бәрі шығынсыз, күйлі өсіріліп келеді. Бұл қарқыннан тынбай, мен қарамыздағы қозылардың күтімін жақсартып, олардың барлығын шығынсыз өсіремін. Быйылғы жылы колхоздың қоғамдық қойына жүздеген қозы өсіріп қосамын.

Д. ҚҰЛАТАЕВА,

Октябрь ауданы, «Қызыл ту» колхозының шопаны.

Қой көбейе түсуде

Мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолындағы күресте Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) қой фермасының шопандары кезелі табыстарға ие болып жүр.

Төл алу науқаны басталғаннан бері фермада 200-ден астам қозы алынды. Олардың барлығы күн сайын мезгілімен бағылып күтіледі. Қозылар тез оңалып өсуде. Бұл — ферма коллективінің адал еңбегінің нәтижесі.

Бұл күндері ферманың алдыңғы қатарлы шопандары бұрынғыдан да қажырлы еңбек етіп, өздерінің үлгі істерімен көзге

түсулі. Мұндайлардың қатарында Ж. Тасмағанбетова жолдас та бар. Ол фермада қозы күтуші болып істейді. Оның қарамағында кәзір 55 қозы бар. Тасмағанбетова жолдас өзіне бекітіліп берілген қозыларды үнемі жақсы күтімде ұстайды. Оларды күнө-күн құнарлы жемшөппен азықтандырып отырады. Ол қозылар тұратын клеткаларды ұдайы таза ұстайды. Тыңғылықты күтімнің нәтижесінде оның қарамағындағы қозылардың бәрі күйлі өсірілуде.

Б. НЕМІБАЕВ.

«Сталин жолы» ауылшаруашылық артезі (Преснов ауданы) қой фермасының шопаны Мустафин жолдас ССР Одағы Жоғарғы Советі IV сессиясының қарарларына еңбектегі жаңа табыстарымен жауап беруде. Бұл күндері шопан қарамағындағы қойларды шығынға ұшыратпай, күйлі өсіріп жүр.

Мұнымен қабат ол төл алу науқанын үлгілі өткізуде. Кәзір фермада 100-ден артық қозы алынды. Жас қозылар жақсы жабдықталған төл үйлерінде күтіліп бағылады. Төлді азықтандыру жұмыстары зоотехникалық ережелерге сай жүргізіледі. Қозыларға құнарлы жемшөп беріледі.

Т. ХАМЗИН.

деп сенім білдіреді.

Совет Үкметі Кореяда әділ бітім орнатуға және соғысты тоқтатуға бағытталған барлық қадамдарды үнемі қолдап келді.

Бұған Совет Үкметінің басшысы И. В. Сталиннің Индияның премьер-министрі Неру мырзаның үндеуіне 1950 жылғы июльдің өзінде қайтарған жауабында негіз салынған болатын.

Жұртқа мәлім, ССРО-ның Хауінезілік Советтегі өкілінің 1951 жылғы июльде Нью-Йоркте радио арқылы сөйлеген сөзі Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздер жасауға негіз болды. Әуелі Кәсонда, одан кейін Паньмыньчжонде жүргізілген уақытша бітім туралы осы

үкметтері бірлесіп жасаған Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энь-лайдың 30 марттағы мәлімдемесінде де ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауықтырып қана қоймай, сонымен қатар соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы мәселені тұтасымен шешу ұсынылғандығына, ал мұның өзі Кореяда уақытша бітім туралы келісім жасауға және соғысты тоқтатуға жеткізетіндігіне ересіне назар аудару керек. Қытай Халық Республикасының Үкметі мен Корея Халық-Демократиялық Республикасының Үкметі мынашы ұсынады: ауру және жаралы соғыс тұтқындары туралы мәселені ақылға қонымды түрде шешкеннен кейін іле-шала соғыс тұтқындары туралы

шіден, оған халықаралық хауінездікті нығайтуға және жалпыға бірдей бейбітшілікке ойдағыдай көмектесуге мүмкіндік бермейді.

Совет Үкметі қытай халқы мен корей халқының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы праволарын қалпына келтіру туралы мәселенің шұғыл мәселелердің бірі болып табылатындығын және Қытай мен Кореяның БҰҰ-дағы праволарын, әсіресе кәзіргі жағдайда, қалпына келтірудің Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі мен халықаралық маңызын көтеру мүдделеріне сай келетінін, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға көмектесетінін тағы да еске салуды өзінің борышы деп есептейді.

ӨСУІ

СОФИЯ, 1 апрель. (СОТА). Болгар телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Түркияның «Истанбул» газеті «Біз қайда бара жатырмыз?» деген тақырыппен мақала жариялаған. Мақалада Түркияда бағаның өте қымбаттап кеткендігі айтылған. Кәзіргі уақыттағы бағаны мұнан жарты жыл бұрынғы бағамен салыстыра келіп, газет конфені бағасы 45,7 процент, сырдың бағасы 91 процент, жұмыртқа 128,5 процент, ет 50 процент қымбаттап кеткендігін жазады.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА ІШ АУРУЛАРЫНАН АЛДЫН-АЛА САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ ІСІН ЖАҚСARTУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ АТКОМІНІҢ МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ: № 2 1953 жылғы 17 март

Қалада тазалық орнатуға ерекше зор маңыз бере отырып және іш ауруларының пайда болуынан алдын-ала сақтандыру мақсатында қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Қаланы көң қоқырдан тазарту жөнінде 1953 жылғы 20 марттан 20 апрельге дейін бір мерзімде көктемгі тазалау жүргізілсін.

2. Қалалық коммуналдық шаруашылық, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, оқу, емдеу мекемелері мен балалар мекемелерінің басшылары, жалға пәтер алғандар және жеке үй иелері мыналарға міндеттелсін:

а) тағайындалған мерзім ішінде алаңдар, көшелер, жолдар, қоралар, көпірлер толық таза қалпына келтірілсін. Дәретханалар, жуынды төгетін орлар, сол сияқты жыралар, кюветтер, коллектор көпірлері толық таза қалпына келтірілсін, алдағы уақытта үнемі тазалап, көң-қоқырларды аптасына кемінде бір рет, жаз айларында сыпырындыларды айында кемінде екі рет төгіп отыру арқылы оларда сыпырындылар мен көң-қоқырлардың жыйналуына жол берілмесін;

б) дәретханаларға, жуынды төгетін орларға және сыпырынды салатын жәшіктерге кемінде аптасына екі рет, көпшілік пайдалануындағы жерлерде күн сайын үнемі дезинфекция жасау ісі жүргізілсін;

в) дәретханалар, жуынды төгетін орлар және сыпырынды төгетін жәшіктер жөнделсін, ондайлар жоқ жерде 1953 жылғы 15 апрельге дейін жаңадан салынсын.

3. Қаланы көң-қоқырдан тазарту ісіне кәсіпорындары мен мекемелердің қарамағындағы транспорты тартылсын, әсіресе мекеме үйлерін тазалау жұмысын жақсартуға ерекше көңіл бөлінсін. Қаланы көң-қоқырдан тазарту ісіне қала халқы кеңінен қатыстырылсын.

4. Көң-қоқырлар мен сыпырындылар қалалық коммуналдық шаруашылық белгілеген мына жерлерге тасып төгілетін болсын.

а) қаланың солтүстік, шығыс бөлегінде — Папанин көшесінің ең шетіне, орталық электр станциясынан екі километр жерге;

б) қаланың шығыс жақ бөлегінде — Буденный көшесінен оң жаққа қарай селитевтік сызықтан 2 километр жерге;

в) қаланың оңтүстік-шығыс жақ бөлегінде жұмысшы поселкесінің ар жағына, аэропорттың оңтүстік-шығысындағы жерге.

Жазғы маусымдарда көң-қоқырлар тек қаиа түнгі уақыттарда және мына маршрут бойынша:

Қала орталығынан — Папанин көшесінің бойымен, станция жанындағы поселкеден — Буденный атындағы көшенің бойымен, жұмысшылар поселкесінен — Ново-Ленинский көшесінің бойымен және қаланың оңтүстік бөлегінен — Қарағанды көшесінің бойымен тасып төгілсін.

5. Мыналарға тыйым салынсын:

а) қала ішінде тезек басуға;

б) көң-қоқырды, сыпырындыны үй іргесіндегі участкаға жыйнауға және көміп тастауға.

6. Қалалық коммуналды шаруашылық жақсылап тазарту арқылы арнаулы орындардан басқа жерге төгілген көң-қоқырларды жойып жіберуге міндеттелсін.

7. Кәсіпорындарының, мекемелердің, жатақханалар мен басқа да көпшілік орындарының барлық үйлері, территориясы толық тазалық қалпына келтірілсін және алдағы уақытта да таза қалпында ұсталатын болсын.

8. Базар басқармасы күн сайын базарларда сауда-саттық аяқталғаннан кейін базар алаңдарын сыпырындылар мен қалдықтардан тазалап отыруға міндеттелсін.

9. Азық-түлік заттарын дайындайтын, сақтайтын, сататын кәсіпорындарында барлық тазалық сақтау ережелері қатаң сақталсын және олар жазғы маусымда керекті мөлшерде мұзбен қамтамасыз етілсін.

10. Қалалық сауда мекемесі, асханалар мен ресторандар тресі, май өндірісі, сыра заводы және басқа да сол сияқты көшелерде дүкен мен киосканың сауда-саттық жұмысын жүргізетін сауда орындары тұрған жердің төңірегін толық таза қалпында ұстауға міндеттелсін.

11. Қалалық және темір жол су проводтарының директорлары су проводтарының аймағында тазалық тәртібінің сақталуына толық күзет ұйымдастыруға, суды үнемі хлорлап отыруды қамтамасыз етуге міндеттелсін.

12. Осы міндетті қарарды бұрмалаған айыпты адамдарға 100 оом мөлшерінде айып салынады немесе бір ай мерзімге еңбекпен түзеу жұмысына жіберіледі.

13. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланысымен ақ күшіне кіреді және Петропавл қаласында екі жыл бойына күшінде болады.

14. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне, тазалық сақтау—жүкпалы ауруларға қарсы күрес жүргізетін станцияға және милиция орындарына жүктеледі.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі аткомінің председателі **М. САВИН.**
Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі аткомінің секретары **Б. КӘРІМБАЕВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «АННА КАРЕНИНА»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын КӨРКЕМСУРЕТТІ ФИЛЬМ
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында көркем суретті **«АННА КАРЕНИНА»** деген екі сериялы жаңа фильм көрсете бастайды. Фильмді Москваның Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясы (Л. Н. Толстойдың романы бойынша сахнаға қойылғанда) түсіріп алған. 1953 жылы шығарылған.

Колхоз председателдерінің даярлайтын ауыл шаруашылығы орта мектебінің оқу шаруашылығында тұрақты баланста жұмыс істеу үшін аға бухгалтер **КЕРЕК.**
АДРЕС: Петропавл қаласы, Базар алаңы, 5-үй.

Петропавлдың ет комбинатына түпкілікті жұмысқа прораб немесе құрылысшы шебер **КЕРЕК.**
Түсінік алу үшін комбинаттың кадр бөліміне келіп жолығуға болады.

Германовка дүірменінің дөңгелек мөрі жоғалды. Бұл мөр қойылып расталған документтер анық деп есептелмесін.